Зертханалық зерттеулер негізінде полимерлік қоспаның битумның температуралық жұмыс жасау диапазонының өскенін көріп отырмыз. Егерде, 70/100 маркалы битумның температуралық жұмыс істеу диапазонына Киш (49) және Фраас (-20) әдістері арқылы қарайтын болсақ, 70-ті құрайды. Ал ПМБ-да бұр көрсеткіш ең кемінде 79,5-тен басталады. Кестедегі нәтижелерге сүйене отырып, полимерлік қоспаның оптималдық пайызын анықтадық. Ол битум массасынан санағанда, 5,5% құрады. Осылайша, PR Flex20 полимерлі модификаторы битумның құрылымын өзгертетін, битум тұтқырдың физикалық-механикалық қасиетін жақсартатын, яғни құрамының мықтылығына, жоғары эксплуатациялау температурасына тұрақтылығын жақсартатын зат екендігіне көз жеткіздік.

2.2 Минералды ұнтақтың сапасын талдау

Минералды ұнтақ - асфальтбетон қоспасының негізгі компоненттерінің бірі. Одан және мұнайлы битумнан қоспаның басқа компоненттерін біріктіретін асфальттық тұтқыр пайда болады. МЕМСТ 52129-2003 бойынша минералды ұнтақ екі маркада МП-1, МП -2 шығарылады. МП-1 карбонатты жыныстардан жасалады және сапалы, ал МП - 2 карбонатсыз жыныстардан жасалады да, МП-1-ді алмастырушы ретінде жүреді. МП - 1 маркалы минералды ұнтақ екі түрде: активтендірілген және активтенсіздірілген шығарылады. Біріншісі гидрофобты, ал екіншісі – гидрофильді.

Асфальтбетон өндіретін зауыттарда шығынды азайту үшін активтенсіздірілген минералды ұнтақты қолданады, алайда бұл шығарылатын

қоспаның сапасына тікелей әсер етеді. Активтенсіздірілген ұнтақты қолданатын зауыттар асфальтбетон қоспасын өндірген кезде біркелкі емес қоспаны алу қаупі бар, өйткені активтенсіздірілген минералды ұнтақ гидрофильді, ал мұнайлы битум гидрофобты болады. Оларды біркелкі түрге дейін араластыру қиын жұмыс. Бұл флокулдардың, яғни араласпаған минералды ұнтақтың битумдағы ірі бөлшектерінің пайда болуына әкеледі. Жол жабынын пайдалану кезінде судың әсерінен суланып, асфальтбетонның бұзылуына септігін тигізеді. Бұл мәселенің шешімі: асфальтбетон қоспасын араластыру уақытын екі - үш есеге арттыру немесе битумның мөлшерін арттыру қажет.

Минералды ұнтақтың сапасын стандартқа сәйкестігін тексеру үшін ең маңызды физикалық қасиеті – гидрофобтылығы Бочков Н.Н және өзге авторлар ойлап тапқан әдіс бойынша тексерілді. Әдістеме көпіршікті флотацияны қолдану арқылы минералды ұнтақтың гидрофобтылық қасиетін зерттеуге негізделген. Әр түрлі минералдың флотацияланатын қасиеті бетінің сумен әрекеттесу қабілетіне байланысты. Сонымен қатар бір минералдар ұсақ ұнтақталған жағдайда сулы ортада суланбайды, судағы ауалар арқылы су бетіне қалқып шығады; екіншілері суланбайды, ауаның көпіршіктерімен жабыспайды және көлем ішінде қалады.

Сынама жүргізуші минералды ұнтақ (МУ) ретінде Текелі әктасты көзінен әкелінген ұнтақ алынды. Текелі әктас көзінен алынған минералды ұнтақ тау жыныстық ұсақ түйіршікті кристаллды құрылымды, қою – сұр түсті (ақ түстілері де кездеседі) болады. Активтендірілген минералды ұнтақтың гидрофобтылық қасиетін зерттеу үшін сынама МЕМСТ16557-78 құжаты бойынша дозаланды.

Құрамында активтендіріліген минералды ұнтақтары бар асфальтбетон төсемесі жоғары тығыздылық, жылуға төзімділік және жоғары температура кезінде мықтылық қасиетіне ие болады. Сонымен қатар оны қолдану асфальтбетон қоспасын дайындаудың технологиялық көрсеткіштерін жақсартады: шығарылатын қоспа температурасын төмендетуі мүмкін, қоспаның бір келкілігі және төсеге ыңғайлылығы артады. Битумның шығыны активтендірілген минералды ұнтақты қолдану арқылы азаюы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, активтендірілген минералды ұнтақты өндіру және қолдану жоғары сапалы асфальтбетон қоспасын шығару кезінде альтернативсіз болып табылады.

Минералды ұнтақ қысылу барысында 20,0 МПа – дан аз емес ышдамдылық шегі бар және саздық салмасы 5% аспайтын әктастарды, доломиттарды, және асфальтті түрлерді ұсақтау арқылы дайындалады. Ұсақтау нормасы кезінде ұнтақ 1,25 мм тесіктері бар тормен кетуі қажет, ал 0,071 мм – дан ұсақ бөлшектердің құрамы 70%, ал 0,315 мм – ден кем бөлшектер - 90% болу тиіс. Актив ұнтақтың кеуектілігі аз, асфальтбетонда бірсарынды араластырылған болады және битум асфальтбетонның сыйымдылығын төмендетуге, тығыздығын, жылу тұрақтылығын, су өткізбейт қасиетін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қоса, ұнтақты қолданғанда бетон салмасының температурасын басу,

араластыру уақытын азайту және ыңғайлы төсемділік қасиетін арттыру мүмкіншілігін береді.

3 – ші кестеден минералды ұнтақтың яғни, активтендірілген және активтендірілмеген ұнтақтардың нормаға сай екендігін көруімізге болады.

Кесте 3 - Минералды ұнтақтың физикалық-химиялық қасиеті

Көрсеткіш атауы	Ұнтақтың нормасы	
	активтендірілген	Активтендірілмеген
Түйіршік салмасы, % массасы бойынша, кем емес:		
1,25 мм – ден аз	100	100
» 0,315 мм	95	90
» 0,071 мм*	80	70
Кеуектілік, % клөемі бойынша, артық емес	30	35
Ұнтақ салмасыннүлгілерінің битуммен ұлғаюы, % көлемі бойынша, артық емес:		
Сазды қоспалардың болуы 5%-дан жоғары емес.	1,5	2,5

Қорыта келе, активтендірілген минералды ұнтақтың көпіршікті флотациясы негізінде тәжірибе қорытындысы көпіршіктің шығуына байланысты минералдыұнтақ гидрофобтылық деңгейінің сандық мәнін анықтауға болатынын көрсетті; минералды материалдарды гидрофобтылығының деңгейінің өзгеруіне реагент – активатордың шығыны әсер етеді; ұсынылатын әдістеме минералды материалдың гидрофобтылығын салыстырмалы түрде қысқа уақытта гидрофобтылықтың сандық көрсеткішін алуға мүмкіндік береді.

Техникалық шарттар. Минералды ұнтақ шығарушы зауытпен бекітілген технологиялық нормаларға сәйкес дайындалуы тиіс. Минералды ұнтақ борпылдақ болуы тиіс.

2.3 Қиыршықтастың сапасын талдау

Асфальт құрамында толықтырғыш мақсатын атқаратын қиыршық тас сапасын ҚР СТ 1213-2003 «Құрылыс кезіне арналған тығыз тау жыныстарынан және өнеркәсіп қалдықтарынан дайындалған қиыршықтас пен малтаттас. Физика-механикалық сынақ әдістері» анықтайды.

Қиыршықтастың сапасын анықтау мақсатында жүргізілетін негізгісынақ жұмыстары:

- Түйіршік құрамын анықтау;
- Шаңтүріндегі және саздық бөлшектердің құрамын анықтау;
- Жалпақ және ине түріндегі түйіршік қосындысын анықтау;
- Уатылғыштығын анықтау;

- Қиыршықтастағы әлсіз жыныстардың түйіршік және тау жынысындағы әлсіз қосындылардың құрамын анықтау;
- Қажалуды анықтау;
- Аязға төзімділікті анықтау;
- Орташа және нақ тығыздығын анықтау;
- Ылғалдылығын анықтау.

Жалпақ және ине түріндегі түйіршіктердің құрамына байланысты қиыршықтасты бес топқа бөледі, олар 4-ші кестедекөрсетілгендерге сәйкес болуы керек.

Кесте 4 - Жалпақ және ине тәріздес құрамы бойынша классификациясы ҚР СТ1284 бойынша

Қиыршықтастың тобы	Пластинкалы (бедерлі) және инелікнысанындағы түйіршіктердің құрамы(масса бойынша процентте)
1	10 дейін, қоса есептегенде
2	10 жоғары 15 дейін қоса есептегенде
3	15 жоғары 25 дейін қоса есептегенде
4	25 жоғары 35 дейін қоса есептегенде
5	35 жоғары 50 дейін қоса есептегенде

Қиыршықтастың уатылғыштығын цилиндрде сығу барысында түйіршіктердің бұзылу дәрежесіне қарай біледі. Қиыршықтас маркасын анықтау барысында диаметрі 150 мм тұратынцилиндр қолданылады. Фракциясы 5-10 мм және 10-20 мм жоғары болғандағықиыршықтастың сапалық қабылдау бақылау жұмысында диаметрі 75 ммцилиндр қолдануға болады. Қиыршықтас үлгісін цилиндрге 50 мм биіктіктен орналастырады, өйткенітегістелу процесінен кейін материалдың жоғарғы деңгейі шамамен 15 мм дейінцилиндрдің жоғарғы бөлігіне жетпеуі тиіс. Содан кейін цилиндрге плунжерді орнықтырады, алайда плунжер плитасы цилиндрдің жоғарғы бөлігімен бір деңгейдеболуы керек. Егер плунжердегі плитаның жоғарғы бөлігі цилиндр, цилиндрдіңбұрышымен сәйкес келмесе, қиыршықтастың (малтатастың) бірнеше түйіршіктері алыныптасталынады немесе керісінше қосылады. Осыдан кейін цилиндрді қысым құралыныңтөменгі плитасына орналастырады. Қысым басудың күшін секундына (1—2) кН (100—200 кгс) арттыра отырып, диаметрі 75 мм және 150 мм құрайтын цилиндрде қиыршықтасты (малтатасты) сынақтанөткізу барысында 50 кН (5000 кгс), екінші жағдайда 200 кН (20000 кгс) дейін жеткізеді. Қысым процесінен кейін сыналып жатқан үлгі цилиндрден алынылып, өлшенеді. Кейіннен оны сыналып жатқан фракцияның мөлшеріне сәй және қабыршықмөлшерлері төмендегідей болатын елеуіштен өткізеді:

- 1,25 мм — фракция мөлшері 5-10 мм құрайтын қиыршықтас үшін;
- 2,5 мм — сондай 10-20 мм жоғары;
- 5,0 мм — 20-40 мм жоғары.

Елеуіште қалған қиыршықтас малтатас қалдығы елегеннен кейінөлшенеді.Шөгілген және метаморфиялық жыныстардан алынатын қиыршықтастың үгітілуі бойынша таңбасы 5-ші кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі керек.

Кесте 5 – Қиыршықтастың үгітілуі

Шөгілген және метаморфиялық жыныстардан алынған қиыршықтастың үгітілу таңбасы	Қиыршықтасты сынайтын кездегі массаның шығыны, %
1200	11 дейін қоса есептегенде
1000	11 жоғары 13 дейін қоса есептегенде
800	13 жоғары 15 дейін қоса есептегенде
600	15 жоғары 19 дейін қоса есептегенде
400	19 жоғары 24 дейін қоса есептегенде
300	24 жоғары 28 дейін қоса есептегенде
200	28 жоғары 35 дейін қоса есептегенде

Асфальт қоспасының сапасы үшін қолданылатын инертті материалдардың нормативтік документтердің техникалық шарттарына сай келуі өте маңызды.

Ақтарылған жыныстардан алынған қиыршықтастың үгітілу таңбасы 6-ші кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі керек.

Кесте 6 – Қиыршықтастың үгітілу таңбасы

Ақтарылған жыныстардан алынған қиыршықтастың үгітілу таңбасы	Қиыршықтасты сынайтын кездегі массаның шығыны, %	
	Интрузивті жыныстардан	Эффузиті жыныстардан
1400	12 дейін қоса есептегенде	9 дейін қоса есептегенде
1200	12 жоғары 16 қоса есептегенде	9 жоғары 11 қоса есептегенде
1000	16 жоғары 20 қоса есептегенде	11 жоғары 13 қоса есептегенде
800	20 жоғары 30 қоса есептегенде	13 жоғары 15 қоса есептегенде


Сондықтан зертханалық сынақ кезінде материал сапасын толығымен талдап, қиыршықтас пен құмның, минералдық ұнтақ пен битумның асфальт қоспасына пайдалануға болатынын анықтаймыз. Егер де қандай да бір көрсеткіштер бойынша стандартқа сай келмейтін материалды пайдаланатын болсақ, кейін асфальт қоспасының сапасына кері әсер етуі ықтимал.

3. Қиыршық тас-мастикалық полимерасфальтбетон құрамын таңдау және сынау әдістері

Қазіргі таңда тас жол өндіруге кеңінен қолданылатын қоспа түрлеріне асфальтбетон мен цементбетон жатады. Бірақ асфальтбетон цементті бетонмен салыстырғанда тиімді, себебі цементті бетондар суыққа төзімсіз, олардың құрылысына шығынның аз мөлшері кетеді. Қазақстан аумағында тас жол төсеуге көбінесе асфальтбетонды қолданатындықтан, жұмыс асфальтбетонның сапасын тексеруге негізделді.

ҚТМ асфальтбетон жол қабатында түрлі дефекттердің алдын-алу үшін зертхана жағдайында асфальт қоспасының құрамын дұрыс таңдау өте маңызды. Асфальт қоспасының құрамын таңдау кезінде барлық жағдайды ескеру қажет, инертті материалдың физика-механикалық көрсеткіштері, асфальт шығаратын зауыт пен жол құрылысы алаңының ара қашықтығы және де ең маңызды фактор климаттық жағдайы. Еліміздегі Қазақстан Жол ғылыми зерттеу институтының мамандары еліміздің барлық регионына арнайы «Р РК 218-96-2013 Қазақстан аумағындағы асфальтобетонды жабындардың жұмыс жасау температуралары бойынша аудандастыру» деген әдістеме шығарды. Бұл әдістемелік картада әр өңірдегі жол қабатының жұмыс жасау температурасы көрсетілген. Яғни, асфальт қоспасының құрамын таңдау кезінде, битумның төмен және жоғары температурада жұмыс жасау аймағын өз аумағында көрсетілген көрсеткіштен кем болмауы тиіс.


Біз полимер асфальт қоспасының құрамын «Оңтүстік - Шығыс» дәлізіндегі «Талдықорған – Өскемен» проектіндегі «Citic Consruction» мердігер компаниясы үшін дайындап жатырмыз. 1-ші суретке қарайтын болсақ біздің аумақтағы жұмыс жасау температура диапазоны $+58^{\circ}\text{C}$ -ден -40°C -ге дейін. Біздің 2-ші кестеде көрсетілген зертханада дайындаған полимер битумның КиШ және Фраас сынағы бойынша көрсеткіштерін қарайтын болсақ, БНД 70/100 маркалы Caspi bitum зауытына келген битумға 5,5% PR Flex маркалы полимермодификаторын қосқандағы көрсеткіштер толығымен сәйкес келеді. КиШ сынағы бойынша балқу температурамыз: $59,5^{\circ}\text{C}$ және Фраас әдісі бойынша төменгі температурадағы шытынауы: -42°C көрсетті. Қорытындылай келе, біз полимер асфальт қоспасын дайындау үшін барлық талаптарға сай келетін полимербитум тұтқырлығын дайындап алдық.



1-сурет. ҚР аумақтарындағы жол жабынының жұмыс жасау температурасы

3.1 Асфальт құрамын толықтырғыш материалдарды таңдау

Полимерасфальтбетонды құраушы материалдарға қиыршықтас, құм, минералды ұнтақ пен байланыстырушы материал – битум жатады. Жұмыс барысында асфальтбетонды құраушы материалдар тексеріліп, дайын қоспа жасап шығарылды. Қиыршықтас негізгі жыныстардан, құм – негізгі жыныстарды ұсақтау қалдықтарынан алынған жасанды, минералды ұнтақ тек негізгі жыныстардан қолданылады.



2- сурет. Асфальтбетон құрамы.

Асфальтбетон құрамы 4 негізгі компоненттен тұрады. Асфальтбетон дайындау үшін зерттеу төмендегідей нәтиже көрсетті:

Қиыршықтас (ұсақ тастар) 10-20 мм фр	-65%
5-10 мм фр	- 8%
0-5 мм фр (құм)	- 15%
Актитендірілген минералды ұнтақ	- 12%
Полимер (PR Flex20)-	6%
Битум	- 5,3 %

Асфальтбетон қоспасын дайындау үшін 5-тен 10 мм-ге дейін, 10-нан 20 (15) мм-ге дейін фракциядағы қиыршықтас пен ұсақ тастар қолданылады. Дайындауға қажет фракция түрлерінің мөлшері ҚР СТ 1213-2003 нормативті құжат бойынша анықталады. Қоспа жасауға алынған қиыршықтас МЕМСТ 25607-94 нормативті құжатының талаптарына сай келуі қажет. Қиыршықтастың алыну көзі – Қаратал карьері. Асфальтбетон массасын жасауға қолданылатын қиыршықтасты – құмды қоспаның ішіндегі ұнтақталған түйіршіктердің мөлшері ҚР СТ 1284-2004 нормативті құжатының талаптары бойынша барлық массаның 60%-нан кем емес болуы керек. Қиыршықтасты-құмды қоспаның ұнтақталған түйіршіктерінің мөлшері ҚР СТ 1213-2003 құжатындағы көрсетілген әдіс бойынша анықталды. Ұнтақталған түйіршіктердің мөлшерін анықтау үшін МЕМСТ 29329 бойынша циферблатты үстел үстіне қойылатын таразылар, торлар керек болды.

Қиыршықтас ине секілді және жаңғақ формалы түрлерінде тығыздау барысында жоғары ұсақталу қасиетіне ие, сондықтан асфальтбетон құрамындағы қиыршықтастың формасы ұнтақталған пішінде болуы тиіс. Асфальтбетонды салманың А және Б типті формаларында жүктеме 65%-ды құрайтын қиыршықтасқа басылатын себебімен, инелі және жаңғақты формалы айырымының мөлшері 15 және 25% -бен тоқтйады. Асфальтбетон құрамындағы қиыршықтастың ұнтақталған мөлшерін анықтау нәтижесінде қиыршықтастың 40мм-ден жоғары фракция құрамында 75,5%, 20-40 мм фракцияның құрамында 83,5%, 10-20 мм фракцияда 63,5%, ал 5-10 мм-лі фракциялардың құрамында 66,8% ұнтақталған түйіршіктер мөлшері анықталды. Орташа есеппен алғанда алынған сынаманың құрамында 73,3% ұнтақталған түйіршіктер мөлшері бар екендігі есептелініп шығарылды. Ұнтақталған түйіршіктердің мөлшерін анықтау асфальтбетонның құрамындағы қиыршықтастың әсерінен асфальтбетон төсемесінің қозғалуға төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, тас жол салуға қолданылатын асфальтбетон массасын құраушы материалдар ҚР СТ 1223-2019 «Жол, әуе айлақполимерасфальтбетон қоспалары мен полимерасфальтбетон» талаптарына сай. Асфальтбетонның құрамында 70 – 80% қиыршықтас (ұсақ тастар), 5 – 6% битум және 10 - 20% минералды ұнтақ мөлшері қосылу тиіс. Зерттелінген асфальтбетон массасының құрамында қиыршықтас мөлшері (10-20 мм фракцияларының мөлшері - 65%, 5-10 мм фракцияларының мөлшері - 8%), құм мөлшері 15%, активтендірілген минералды ұнтақ - 12%, Полимербитум мөлшері – 11,3% құрады. Бұдан құраушы материалдардың құрамы талаптарға сай екендігін көруге болады.

3.2 Асфальт қоспасынан сынақ үлгілерін дайындау

Асфальт қоспасын зертханалық жағдайда дайындау ҚР СТ 1218-2003 «Жол және әуеайлақ барысына айқындалған органикалық тұтқырғыштар сынамаасындағы материалдар. Сынақ әдістері» бойынша жүргізіледі.

Ыстық технология бойынша сынамада асфальт қоспасын дайындау кезінде минералды материалдарды алдын-ала кептіреді, кейін битумды құрғатады. Араластыруға қажетті уақытты әрбір қоспа түрі үшін тәжірибелік жолмен белгілейді. Егер барлық минералды түйірлер тұтқырғышпен жабылғанда және дайын қоспада жеке түйлек болмаса, араластыру аяқталған болып саналады. Битум көрсеткіштеріне байланысты қыздыру температурасы:

Минералдық материалдар үшін: 185 - 195°C,

Полимер битум үшін: 175 - 180°C,

Полимерасфальт қоспасы үшін: 165 - 170°C.

Асфальт қоспасының физика-механикалық қасиеттерін анықтау үшін цилиндр пішінді формаларда тығыздау арқылы үлгілер дайындалады. салм Үлгілерді дайындауға арналған форма 3-ші суретте көрсетілген.



3 - сурет. Асфальт қоспасынан үлгілерді дайындауға арналған пішін

МЕМСТ 28840 бойынша дайындалған 50 – ден 500 кН – ға дейін салмағы бар гидравликалық және механикалық жаншымада дайындалған үлгіні 4 – ші суреттен көре аламыз.



4 –сурет. Жаншымада дайындалған үлгілер

Сығу кезіндегі беріктілік шегінің мәнін анықтаудың мәні берілген жағдайлар кезінде үлгілерді қирату үшін қажетті бір жүктемелерге негізделеді. Беріктілік шегінанықтау үшін күшөлшегіштері бар механикалық және гидравликалық жаншымалар, МЕМСТ400 бойынша сынап термомтері, МЕМСТ 427 бойынша металл сызғыш, нормативтік құжат бойынша шарнир құрылғысы, термосттатуға арналған құрылғылар қажет. 5 – ші суреттен беріктілік шегіне сынауды көре аламыз.



5 – сурет. Үлгіні сынау кезінде беріктілік шегіне анықтау

Қоспалардың физика-механикалық қасиетін анықтауға арналған цилиндр пішін үлгілері зертханалық жағдайларда дайындалған қоспаларды, сондай-ақ өндіріс бөлімінде немесе араластырғыш құрылғыларда іріктелген қоспалар сынама-сынан әзірленеді. Жол түзілуін сынау асфальтбетон үлгілерінің жүктеме астындағы деформацияға бейімділігін тұрақты температурада жүктелген доңғалақтың қайталама өтулері арқылы жүргізілетін жолдың тереңдігін өлшеу арқылы анықтау үшін пайдаланылады.

Жолтабан сынағын жүргізуге арналған құрал - асфальтбетон үлгілерінің жүктеме астындағы деформацияға бейімділігін тұрақты температурада жүктелген доңғалақтың қайталама өтулері арқылы жүргізілетін жолтабанның тереңдігін өлшеу арқылы анықтау үшін қолданылады. PNST181-2016 стандартының талаптарына сай зерттеулер жүргізіледі.

Әдістің негіздемесі жүктелген дөңгелекті $(60 \pm 1)^\circ\text{C}$ температурада сыналатын үлгі бойынша домалату және жүктеменің 10000 циклынан кейін (20000 домалау) немесе шекті мәнге жеткеннен кейін жолдың тереңдігін анықтау болып табылады. Сынақ ауа ортасында жүргізіледі. Нәтиже алу үшін кемінде екі үлгі сыналады.

Бір сынақ 10000 жүктеме циклін (20000 доңғалақты айналдыру) қамтиды немесе он бес мм-ге тең өлшеуіш тереңдігі пайда болғанға дейін жүзеге асырылады.

Сынақ нәтижесінде келесі параметрлер анықталады:

- жолдың орташа тереңдігінің мәні;
- жолдың пропорционалды тереңдігінің мәні;
- Жолтабан қисығының көлбеу бұрышының мәні.

Жүктелген доңғалақ жүйесі универсалды модель екі резеңке дөңгелекпен жабдықталған.

Дөңгелектің жүктемесі 700-ден 1500 Н-ге дейін реттеледі. Бұл жүйе сынақтың соңында дөңгелекті көтеруге арналған моторлы жүйені қамтиды.

Дөңгелек бекітілген сынақ үлгілерінде бекітілген көлденең жазықтықта 230мм алға-артқа жылжиды. Жылдамдық ДК арқылы минутына 20-дан 30 циклге дейін реттеледі (40-тан 60 өтуге дейін). Парақты орнату жүйесі қалыңдығы 38-ден 100 мм-ге дейін (немесе қалыңдығы 38-ден 120 мм-ге дейін) 320x260 және 400x300 мм үлгілерді ұстай алады. Пластинаның үлкен өлшемі дөңгелектің қозғалу бағытына бағытталған. Айналмалы бұрғылаудан айналмалы тығыздағышқа дейінгі дөңгелек үлгілерге арналған арнайы Парақ пішіндері де бар.

Температураны бақылау жүйесі.


AASHTO стандартына сәйкес Гамбургтің калибрлеу сынағы $25\text{-}70^\circ\text{C}$ $\pm 1,0^\circ\text{C}$ дейінгі температурада суда сынауды қажет етеді, ал EN стандарты ауада немесе суда сынауды қажет етеді. Екі жүйеде де су деңгейі үлгіден шамамен жиырма мм жоғары болуы тиіс. Ауаны жылыту жағдайында сынақ процесінде үлгі біркелкі және тұрақты температураны $\pm 0,5^\circ\text{C}$ сақтауы керек. барлық калибрлеуді бақылау құрылғылары көрсетілген талаптарға толық

сәйкес келеді және асып түседі: температура 25°C -тан $80^{\circ}\text{C} \pm 0,5^{\circ}\text{C}$ аралығында сақталады.

Басып шығаруды өлшеу жүйесі.

Әрбір доңғалақ 0-ден 25 мм $\pm 0,01$ мм-ге дейінгі өзгерістерді өлшеуге арналған сызықтық сенсоры бар өлшеу жүйесімен қамтылған.

Windows негізіндегі ыңғайлы бағдарламалық жасақтама. Оператор AASHTO немесе EN стандарттарына сәйкес сынақтан өткізуді (толығымен Тапсырыс берушінің талаптары бойынша) нақты уақыт режимінде: судың (ауаның) температурасын, үлгінің температурасын, жолдың тереңдігін және үлгі профилі бар деформация/цикл графиктерін құруды және метрикалық өлшем бірліктері арасындағы өлшем бірліктерін таңдау мүмкіндігін бақылай отырып орнатады және таразы, сынақ деректерін Excel форматына ауыстыру, сынау үшін файлдарды басқару, битум қоспасы, клиенттер және т.б. Сынақ бағдарламалық жасақтамасын 6-шы суреттен көре аламыз.



6 –сурет. Бағдарламалық жасақтама

Қауіпсіздік сипаттамалары.

Таңдалған температураны бақылау жүйесі үшін бағдарламалық жасақтаманың нақты параметрлерін көрсету: су немесе ауа, операторға машинаның қолданылатын стандартқа сәйкес механикалық түрде конфигурацияланғанын тексеруге мүмкіндік береді.

Жолтабанды төзімділікке сынау жүргізуге арналған жабдықтар жиынтығын 7 – ші суреттен көре аламыз. Жабдықтар жиынтығы зертханалық араластырғыштан, секторлықкомпактордан және жолтабан сынақтарын жүргізуге арналған қондырғыдан тұрады. Зертханалық араластырғыш пен секторлық компактор зертханалық жағдайда асфальтбетон қоспасын дайындау және тығыздау процестерін жол роликтерінің көмегімен АБЗ және тығыздау қоспасын дайындау жағдайларына барынша жақындату үшін жасалған.



7 - сурет. Жолтабанның орташа тереңдігін сынауға арналған құрал

Жүктелген дөңгелекті $(60 \pm 1)^\circ\text{C}$ температурада сыналатын үлгі бойынша домалату нәтижесінде және жүктеменің 10000 циклынан кейін (20000 домалау) немесе шекті мәнге жеткеннен кейін жолдың тереңдігі анықталған, оң нәтиже көрсеткен үлгіні 8 – ші суреттен көре аламыз. Бұл үлгі зертханалық сынақ нәтижесінде жолтабан орташа тереңдігі 2 мм көрсеткішті көрсетті. Полимер қиыршық тас – мастикалық асфальтбетон үшін техникалық шарттарға сәйкес жолтабан орташа тереңдігі 3 мм ден аспауы қажет. Біз өткізген зертханалық сынама нормативтік талаптарға сай келеді.



8 – сурет. Жолтабан орташа тереңдігі анықталған үлгі

3.3 Зертханалық сынақ нәтижелері

Өндірістік практика кезеңінде біз жоғарыда айтып өткеніміздей республикалық маңызы бар «Оңтүстік - Шығыс» дәлізіндегі «Талдықорған – Өскемен» проектіне жұмыс атқарып жатқан «Citic Construction» компаниясының тапсырысымен жолдың жоғарғы қабатына арналған Б типті полимерасфальт құрамын таңдау және сынау жұмыстарын жүргіздік. Алдымен барлық инертті материалдарға сынақ жұмыстары жасалып, стандартқа сай келетіндігін тексердік, кейіннен Оңтүстік аймақтың климаттық жағдайын ескере отырып полимермен модификацияланған битум әзірледік. Полимер ретінде PR Industrie компаниясының PR Flex20 маркалы қоспасын пайдаландық. Себебі тап осы полимерлік қоспа жол конструкциясын проекттеу кезінде бекітілген. ПМБ қоса отырып полимерасфальт қоспасын араластырдық. Асфальт құрамын електердегі қалдық бойынша нормативтік документтерде көрсетілген талаптармен сай келетіндей етіп таңдадық. Біз таңдаған полимерасфальт құрамы мынадай еді:

- 65% - қиыршықтас фр.10-20;
- 8% - қиыршықтас фр.5-10;
- 15% - құм фр.0-5;
- 12% - минералды ұнтақ;
- 5,3% - битум 70/100;
- 6% - полимер PR Flex20.

Дайындалған полимерасфальт қоспасынан арнайы үлгілер дайындалып қысу, ию, бөлу кезіндегі беріктіліктері, орташа тығыздығы және суға қанығуы анықталды. Полимерасфальт қоспасының сынаудан кейінгі физика-

механикалық көрсеткіштері ҚРСТ 2373 «Жол, әуеайлақ қиыршық тасты – мастикалық полимерасфальтбетон қоспалары мен қиыршық тасты – мастикалық полимерасфальтбетон» сәйкес тексерілді. Сынақ жұмыстары «Citic Construction» мердігер компаниясының өкілдері мен техникалық тексеру жүргізуші құзырлы органының инженерінің қатысуымен өтті. ҚР СТ 2373 стандартына негіздеп зертханалық сынақ жүргіздік. Нәтижелері 7–кестедекөрсетілген.

Кесте 7. Полимерасфальт қоспасының сынақ нәтижелері

Көрсеткіштің атауы	ҚР СТ 2373 бойынша полимерасфальтбетонға арналған мән	Зертханалық сынау нәтижесі
Орташа тығыздығы	-	2,40
Суға қанығуы, %	1,0 - 4,0	2
Сығу кезіндегі беріктілік шегі:		
50°C	2,8	2,8
20°C	1,0	3,4
0 °C температура, деформациялаудың 50 мм/мин жылдамдығы кезінде жарылып бөлінген кезде беріктігінің шегі,МПа	4,0 – 6,0	5,7
Жылжуға шыдамдылығы:		
- ішкі үйкеліскоэффициенті, кем емес,	0,94	0,94
- 50 °C жылжу кезінде ілінісуі бойынша, кем емес,	0,25	0,3
Ұзақ уақыт суға қанығу кезіндегі полимерасфальт бетондардың суға беріктілігі,кем емес	0,85	0,90
Жолтабанның орташа тереңдігі, мм, артық емес	3,0	2,3

Полимерасфальтбетон және полимер битум құрамын таңдау кезінде кейде кейбір көрсеткіштер техникалық талаптарға сай келмей қалады. Бұл жағдайда асфальт құрамын немесе битумның пайызын тексеру қажет. Мәселен, 50°C суда термостаттаудан кейінгі беріктілікшегі талаптарға сай келмеген жағдайда, минералды ұнтақтың немесе битумның жетіспеушілігінен деп білуге болады. Ол кезде асфальт қоспасының құрамындағы битум мен минералды ұнтақтың пайызын арттырып қайта тексерістерден өткізу қажет. Ал егерде, жылжуға төзімділік көрсеткіші,ішкі күйзеліс коэффициенті талаптарға сай келмеген жағдайда, асфальт қоспасының құрамындағы инертті материалдардың, оның ішінде құйыршықтастың пайыздық қатынасын өзгерту қажет.

Қазіргі таңда қала жолдарындағы, үлкен автомагистральды жолдардағы ең көп кездесетін мәселелердің бірі ол – жол қабатындағы орташа тереңдіктің белгілі мөлшерден асып кетуі. Полимерасфальтбетон құрамын зертханалық жағдайда таңдау жасаған кезде негізгі көңіл аударатын мәселе көрсеткіштің

жоғарғы нәтиже көрсетуі. Жолтабан көрсеткішінің жоғарғы нәтиже көрсетуі үшін битум немесе полимер битум сапасы және қолданылатын материалдардың, яғни, құм, қиыршық тас, т.б. сапасы жақсы болуы қажет.

Зертханалық сынау нәтижелері барлық талаптарға сай келетін нәтиже көрсеткеннен кейін, тексеруші иженер мен зертхана меңгерушісінің рұқсатымен біздің ұсынған құрам бойынша полимерасфальт қоспасы асфальтобетон зауытында өндірісте шығаруға рұқсат етілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

ЖШС «ИнДорТех» компаниясының аккредиттелген тәуелсіз зертханасында республикалық маңызы бар «Талдықорған – Өскемен» проектіде жұмыс атқарушы қытайлық мердігер компания «Citic Construction» тапсырысымен полимер асфальттыбетон құрамы анықталды.

Қиыршықтас мөлшері(10-20 мм - 65%, 5-10 мм - 8% фракциялар мөлшері), құм мөлшері 15%, активтендірілген минералды ұнтақ - 12%, 70/100 маркалы полимербитум мөлшері – 11.3% құрады.

Асфальт құрамын толықтырғыш инертті материалдар қиыршықтас, құм және минералды ұнтақтың сапасын тексердік, барлық нормативтік документтердің талаптарына сай келетіндігіне көз жеткізілген соң, барып асфальт қоспасын дайындауға пайдаланылды.

Оңтүстік ауданның климаттық жағдайларын ескере отырып климаттық температурасына сәйкес полимер битум әзірледік. Дайындалған полимер битум ҚР СТ 2373 талаптарына сай келеді.

Полимерасфальт қоспасы дайындалып, ол қоспадан сынауға арналған үлгілер дайындадық. Үлгілердің орташа тығыздығы, түрлі жағдайлардағы беріктілігі және суға қанығуы анықталды. Алынған нәтижелер ҚР СТ 2373 талаптарына сай келді.

Зертханада дайындалған полимерасфальтобетон құрамы бойынша тапсырыс беруші компанияның асфальттыбетон зауытында полимерасфальт қоспасы шығарылды. Шығарылған полимерасфальт қоспасының сапасына ҚР СТ 2373 талаптары бойынша талдау жүргізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары.
2. Жол – құрылыс материалдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарын» бекіту туралы Қазақстан үкіметінің регламенті. – 2008.
3. Полякова С.К. Важная роль вяжущих материалов //Автомобильные дороги. - 2014. С. – 56-59.
4. Радовский Б.С. Хрупкость битума определяет прибор //Автомобильные дороги. – 2014. С. - 60-61.
5. Иванов Ф.М. Цементный бетон. Популярная техническая библиотечка рабочего дорожника. – Автотрансиздат, М.: - 1957
6. Қопаева К. Жолдар мен жобалар //Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет. – 2014. – №11(27).
7. Сатеков Б.С. Табиғи және жасанды құрылыс материалдары мен бұйымдары: жоғары оқу орындарындағы өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс және құрылыс индустриясы мамандықтарында оқитын студ.бакалавр және магистратураға арналған оқулық. – Тараз: Сенім.
8. ГОСТ 8267-93 «Щебень и гравий из плотных горных пород для строительных работ» //Межгосударственный стандарт.
9. СТ РК 1374-2005 «Битумы и битумные вяжущие. Метод определения растяжимости» //Межгосударственный стандарт.
10. ГОСТ 22245-90 «Битумы нефтяные дорожные вязкие. Технические требования» //Межгосударственный стандарт.
11. Бетоны для автодорожного строительства //Промышленный Казахстан путеводитель по рынку технологий и оборудования. – 2014. - №7(103) июль., - 14с.
12. СТ РК 1227-2003 «Битумные и битумные вяжущие. Определение точки размягчения методом кольцо и шара».
13. ҚР СТ 1226-2003 «Битумдар мен тұтқыр битумдар. Иненің бату тереңдігін анықтау әдісі».
14. СТ РК 1217-2003 «Песок для строительных работ. Методы испытаний».
15. СТ РК 1213-2004 «Щебень и гравий из плотных горных пород и отходов промышленного производства для строительных работ. Методы физико-механических испытаний». – Астана.
16. ҚР СТ 1218-2003 Жол және әуеайлақ құрылыс үшін органикалық тұтқырлар негізіндегі материалдар. Сынау әдістері.

6B07501 Индустриалдық инженерия мамандығы бойынша оқитын

Ерменбаева Жанель Ернатовна

«Полимерлі қоспаларды қолдану арқылы қиыршық тасты – мастикалық
асфальтбетон қоспаларының сапасын арттыру» тақырыбына жазылған
дипломдық жұмысына

РЕЦЕНЗИЯ

Дипломдық жұмыстың құрылымы: белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе,
үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және 7 кесте, 8 сурет.

Кіріпе дипломдық жұмыстың өзектілігін, мақсатын сонымен қатар
жүргізілген тәжірибелерді, қоспалардың негізгі мақсатын қамтиды.

Дипломдық жұмыстың бірінші бөлімінде зерттеу нысанына мән беріп,
зерттелу аймағының негіздемесін анықтайды. Және кәсіпорынның
тәжірибесінен өткен қоспаларға сипаттама береді.

Екінші тарауында толықтырыш материалдардың құрамын анықтап, оларды
жүзеге асыру жолдарын сонымен қатар, сапасын талдау қарастырылды. Зерттеу
нысаны таңдалып, оған сай келетін қоспаларды тасымалдайтын зауыттар
анықталды

Үшінші тарауда полимерасфальттыбетонды өндіру технологиясы және
қоспаларды тасымалдайтын зауыттардың стандартқа сай жұмыс жасайтындығы
анықталып, зерттау нәтижелері көрсетілді.

Қорытындысында атқарылған жұмыстардың нәтижесі жинақталып,
стандарттарға сай келетіндігі анықталды.

Пікір беруші: